

**"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 1002 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

**"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17  
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 29-30, 186-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

5-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Президенті алдында Ұлттық комиссияның жұмысы туралы жыл сайын, бірақ есепті кезеңнен кейінгі 1 наурыздан кешіктірмей есеп береді."  
;

5) тармақша алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ұлттық комиссияның жұмысы қажеттігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей Комиссияның төрағасы айқындайтын мерзімдерде отырыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК